

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің 421 топ білім алушысы



# Біз біргеміз

Практика жетекшісі: Байтекеева А.А  
Орындаған: Мұқажан Мақпал



# Сабақтың мақсаты:

- ▶ оқушылар арасындағы байланысты нығайта отырып, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және қыс мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.

# 1 - жаттығу

▶ Амандасу жаттығуы

Қол алысып амандасу жаттығуы тек ерекше тәсілмен. Ол былай жүзеге асырылады: қатысушы екі қолымен бір уақытта амандасуы тиіс, бір қолыңды тек амандасатын қатысушыны тапқан кезде ғана жіберуге болады. Ойын үнсіз әрі тез орындалуы керек.

Жаттығудың мақсаты: Қатысушылар арасында байланыс орнату. Қол алысып амандасу – адам көңілінің кеңдігінің символдық белгісі.

Жаттығу үнсіз орындалатындықтан байланыс көз арқылы жүзеге асырылады бұл ішкі жағымды байланысты нығайтады.

## 2 - жаттығу

- ▶ Қатысушылар шеңбер құрып отырады.  
«Кім жылдам» жаттығуы  
Қатысушылар шеңбер құрып отырады. «Ауа, су, жер» деген сөзді айта отырып, допты бір - біріне лақтырады. Допты қағып алған адам «ауа» деген сөзді естіген адам құстардың, «су» деген сөзді естіген кезде балықтардың, «жер» дегенде аңдардың аттарын айтуы тиіс. Ойын шапшаң ойналуы тиіс.  
Жаттығудың мақсаты: оқушының ойлау қабілетін жақсарту және шапшаңдыққа сынау.

# 3 - жаттығу



«Бір өтірік, бір шындық» жаттығуы

Жүру барысы: Қазір біз өзіміз бір шындық пен бір өтірік өз ойымызды айтамыз. Мысалы: Мен мұғаліммін және де менің ұшағым бар. Өз ойымызды еркін болжамсыз жеткізуіміз қажет.

Талдау: Шындық бұл біздің қазіргі іс - әрекетіміз, қазіргі біздің бейнеміз, ал өтірік бұл біздің арманымыз, өз қиялымыздың жүзеге асуын қалап жүрген ойларымыз»

Сіздің ойыңыз қалай?

# 4 - жаттығу

- ▶ .  
Сен өмірде қандайсың?  
Қатысушылар шеңбер құрып отырады.  
Жүргізушінің қолында доп болады.  
Нұсқаулық: Қазір бір бірімізге допты беру арқылы допты қағып алған адам: Сен өмірде қандайсың? Деп сұрақ қояды қағып алған адам өз бойындағы жақсы қасиетін айтады. Әркім өз бойындағы жақсы қасиеттерін айтып шығуы керек.

# «Біз біргеміз».

- ▶ Мақсаты: Жеке тұлғаны дамыту, танымдық ауқымын кеңейту; балалардың шығармашылығын дамыту, белсенділігін, іскерлігін арттыру.
- ▶ Өткізілетін жаттығулар қатары.
- ▶ Орныңды тап. Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан - жағына тарап кетеді ( белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбертүзеді. Өз орынын таппаған балалар ойыннан шығады



# « Суреттерді аяқтайық » жаттығуы

- ▶ Мақсаты : Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .
- ▶ Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .

# Сұрақ – жауап” ойыны.

Ойынның мақсаты: Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.  
Ойынның шарты: Сыныпты екі топқа бөлу. Әр топқа сұрақтардың жауаптары жазылған карточкалар тарату. Сұрақ оқылғаннан кейін оқушылар дұрыс жауабын көрсетеді. Қай топтың дұрыс жауаптары көп болса, сол топ жеңеді.

Сұрақтар:

1. Сөмкеде не жатыр?
2. Бір аптада неше күн бар?
3. Асханада кім бар?
4. Сыныпта неше терезе бар?
5. Қолда неше саусақ бар?
6. Жазда ауа райы қандай?
7. Бір тәулікте неше сағат бар?
8. Мектеп неше қабатты?
9. Күзде не сарғаяды?

# “Жоғалған әріптер” ойыны.

Ойынның мақсаты: Оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыру  
Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау.

Ойынның шарты: Сынып екі топқа бөлінеді. Тақтаға 10 сөз жазу.

Мысалы: к... гершін

балдыр... ан

ән... ран

к... тап

к... ктем

... же

... ңгіме

о... ушы

айда... ар

а...

Қай топ керекті әріптерді дұрыс құрастырса, сол топ жеңіп шығады.

# Менің көңіл-күйім » жаттығуы

- ▶ «Мақсаты : көңіл-күйін игере білуге және басқаруға , қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу
- ▶ Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлеріңді суреттеп салыңдар .

Қандай жақсы бір түру,  
Достарменен бір жүру  
Қандай жақсы дос болу,  
Қандай жақсы сыйласу.



# Психологиялық тренинг тақырыбы: «Біз біргеміз

!»

- ▶ **Тренинг мақсаты:** ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және қыс мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.
- ▶
- ▶ **Сабақ барысы**
  - Сәлемдесу
  - «Екеуіміз бірге» жаттығуы
  - «Менің басқаларға тілерім» жаттығуы
  - «Кім жылдам» жаттығуы
  - Рефлексия

# Сәлемдесу



**Нұсқау:** Жаттықтырушы бірінші тұрған адамнан бастап көрсетеді. Басқалары соның атын хормен атайды. Келесі ойыншының да атын солай қайталайды. Ойын жалғаса береді. Сөйтіп бір-бірлерінің атын атап шығып, бір-бірімен танысады.



# «Екеуміз бірге» жаттығуы



**Нұсқау:** Қатысушылар шеңбер бойында тұрып, екі адамнан жұп болады. Бір-біріміздің оң қолымызбен амандасамыз, екі беттен сүйеміз, бір-бірімізді құшақтаймыз: оң жақ кеудемен, сол жақ кеудемен айқастырып, Арқамызбен қолды айқастырып.

- ▶ Жаттығу түрі сіздерге ұнады ма?
- ▶ Қандай сезімде болдыңыздар?



## «Менің басқаларға тілерім» жаттығуы

- ▶ **Нұсқау:** Қатысушылар шеңбер бойына тұрады. Бірінші тұрған қатысушыдан бастап қолына шығыршық (белге айналдыратын, обруч) беріледі де, жанында тұрған серіктесіне бүгінгі және алдағы күндер үшін жақсы тілектер айтады. Сөйтіп бүкіл қатысушы шығыршықты бір-біріне беріп, тілектер айтып шығады. Айтып болған соң қолдарынан жібермей ұстап тұрып обручты жеке-жеке бойларынан өткізіп шығады.

# «Кім жылдам» жаттығуы»

▶  
**Нұсқау:** Қатысушылар шеңбер болып тұрады. Қолдарына доп немесе шар беріледі.

- ▶ «Ауа, су, жер» деген сөзді айта отырып, допты кез келген бір - біріне лақтырады. Допты қағып алған адам «**ауа**» деген сөзді естіген адам **құстардың**, «**су**» деген сөзді естіген кезде **балықтардың**, «**жер**» дегенде **жануардың** аттарын айтуы тиіс.
- ▶ Ойын жылдам ойналуы тиіс.

# Рефлексия

- ▶ **Нұсқау:** Бірінші ойыншы бастайды: «Маған ұнағаны...». Келесі ойыншалар ары қарай жалғастырып алып кетеді. Бүгінгі тренинг сабақтан алған әсерлері туралы ой бөліседі.